

Келісілді  
әдіскер  
СағатХ. Байдавлетова



Бекітемін  
МКҚҚ «Балапан» МДУ-ның  
менгерушісі Ж.К.Биманбаева

Ұйымдастырылған іс әрекеттің перспективалық жоспары  
«Күншуақ» кіші тобы  
**2023-2024 оку жылы**

Бадамша ауылы

**Білім беру ұйымы : «Балапан» МДҰ МКҚҚ****Топ: «Күншуақ» кіші тобы****Балалардың жасы: 2****Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 2023-2024 жыл**

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>Кыркүйек</b>	<b>Дене шынықтыру</b>	Дене шынықтыру нұсқаушының жоспар бойынша
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.
	<b>Көркем әдебиет</b>	Ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқигаларға жанашырлық білдіруге үйрету
	<b>Сенсорика</b>	қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру, заттардың атын, түсін атаяу
	<b>Коршаған ортамен таныстыру</b>	«Мен»бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фото суреттерден тану. Өзінің есімін және жасын атаяу, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атаяу. Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, оны ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру.
	<b>Құрастыру</b>	жеке жиһаз заттарын түрлі нұсқада құрастыру, бірден екі-үш құрылышты түрғызу (үстел және орындық, үстел және диван), құрылыштық қасиеттің ескере отырып, материалды тандау;
	<b>Сурет салу</b>	балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту.
	<b>Мүсіндеу</b>	балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру;
	<b>Жапсыру</b>	Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету.
	<b>Музыка</b>	Музыка жетекшісінің жоспар бойынша

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>Казан</b>	<b>Дене шынықтыру</b>	Дене шынықтыру нұсқаушының жоспар бойынша
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.
	<b>Көркем әдебиет</b>	кейіпкерлермен тақпақтардың мазмұнын, ырғакты ойындарды қайталау
	<b>Сенсорика</b>	түрлі сенсорлық әсерлермен байыту
	<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарau, тигізу, бұrau, ашу, белгілі бір обьектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшени екіншісіне қою) орындауға баулу. Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану
	<b>Құрастыру</b>	Құрылыш материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыру
	<b>Сурет салу</b>	сурет салу техникасын жетілдіру
	<b>Мүсіндеу</b>	сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру;
	<b>Жапсыру</b>	фланелеграфпен жұмыс: қарапайым композиция құру және орналастыру;
	<b>Музыка</b>	Музыка жетекшісінің жоспар бойынша

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>Караша</b>	<b>Дене шынықтыру</b>	Дене шынықтыру нұсқауышының жоспар бойынша
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяқиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен дамыту
	<b>Көркем әдебиет</b>	Шығарманың арманың мазмұнын түсіну және эмоциалы қабылдау, ойында кейіпкерлер бейнесін қарапайым түрде бейнелеуді дамыту
	<b>Сенсорика</b>	көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды;
	<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	Көліктер, көше, жол туралы бастанқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.
	<b>Құрастыру</b>	құрылым масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды қолдана отырып, оларды ойнату және тұрғызылған қарапайым құрылыштарды атау, қорапқа құрылым бөлшектерін уқыптылықпен жинастыру;
	<b>Сурет салу</b>	тұзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сыйықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғакты қайталауды үйрету (жаңбыр, қар, жол, тұтін), парап өтіндегі бейнені орналастыру;
	<b>Мұсіндеу</b>	техникалық дағдыларды қалыптастыру: заттардың қарапайым және одан да курделі пішіндерін мұсіндеу.
	<b>Жапсыру</b>	фланелеграфтің кенебін қолдану арқылы геометриялық пішіндерді, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық бас киімдерін, тағы басқа орналастыру.
	<b>Музыка</b>	Музыка жетекшісінің жоспар бойынша

Айы	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
Желтоқсан	<b>Дене шынықтыру</b>	Дене шынықтыру нұсқауышының жоспар бойынша
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	еңбек әрекетін (жуу, суару, қую), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу- жабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, құлу, ренжу) білдіретін етістіктермен таныстыру
	<b>Көркем әдебиет</b>	мереке туралы қуаныш, мақтаныш сезімдері берілген қысқа тақпақтарды жаттауд
	<b>Сенсорика</b>	түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі түсі, әртүрлі көлемі, негұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.
	<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сұлгілерді ауыстырады) үйрету. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындал жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау.
	<b>Құрастыру</b>	балалармен бірге қарапайым құрылышты құрастыру
	<b>Сурет салу</b>	дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелеу
	<b>Мүсіндеу</b>	шыны аяқ, табақты илеп жасауда саз кесегін саусақпен басып, терендете алуғак үйрету
	<b>Жапсыру</b>	Симметриялық пішіндерді орналастыра білуді және жапсыру мен сурет салуды кіріктіруді қалыптастыру
	<b>Музыка</b>	Музыка жетекшісінің жоспар бойынша

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>Қантар</b>	<b>Дене шынықтыру</b>	Дене шынықтыру нұсқауышының жоспар бойынша
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p>заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту.</p> <p>Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру.</p>
	<b>Көркем әдебиет</b>	Таныс шығармалардың қарапайым мазмұндарын ойнап көрсетуді
	<b>Сенсорика</b>	Түстерді ажыратса алу қабілеттерін дамыту.
	<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<p>Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды менгеруіне ықпал ету. Дөрекілікке, сараптыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу.</p>
	<b>Құрастыру</b>	қағазбен жұмыс істеудің бірлескен қарапайым тәсілдерін құру (қиу және жырту), қылған кесектерде және жыртылған қағаздарда "бейнені" көру;
	<b>Сурет салу</b>	қағаздың қасиеттерін біледі; қарындашты дұрыс ұстай алады (ұш саусақпен)
	<b>Мүсіндеу</b>	заттардың ұқсастықтарын таба алу дағдысын қалыптастыру
	<b>Жапсыру</b>	дайын сұлбаға элементтерін салып аяқтай алу дағдысын қалыптастыру
	<b>Музыка</b>	Музыка жетекшісінің жоспар бойынша

Айы	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
Ақпап	<b>Дене шынықтыру</b>	Дене шынықтыру нұсқаушының жоспар бойынша
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.
	<b>Көркем әдебиет</b>	3–5 сөзден тұратын тіркестерді, сөйлемдерді айтады, ақпараттармен бөліседі;
	<b>Сенсорика</b>	берілген 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты тандауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әр текті байланыс орната білу;
	<b>Коршаған ортамен таныстыру</b>	Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Коршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату.
	<b>Құрастыру</b>	тұрғызылған қарапайым құрылыштарды атайды және ойыншықтарды пайдалана отырып, олармен ойнау дағдыларын қалыптастыру
	<b>Сурет салу</b>	парақ бетіне бояу жағу арқылы қарама-қайшы түстегі дақтарды үйлестіріп бейнелей білу;
	<b>Мүсіндеу</b>	кесектерді біріктіруге үйрету
	<b>Жапсыру</b>	кеңістікті бағдарлауға үйрету, қағаз бетінде жұмыс істеуге жаттықтыру
	<b>Музыка</b>	Музыка жетекшісінің жоспар бойынша

Айы	<b>Ұйымдастырған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>Наурыз</b>	<b>Дене шынықтыру</b>	Дене шынықтыру нұсқаушының жоспар бойынша
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Ересектердің сезін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тындауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.
	<b>Көркем әдебиет</b>	қысқа өлеңдерді анық, асықпай айтады, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап берे алуға үйрету
	<b>Сенсорика</b>	заттардың санын ажырату (біреу — көп);
	<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота), андармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.
	<b>Құрастыру</b>	көлік құралдарының, автомобиль бөліктерінің атауларын айтуға үйрету
	<b>Сурет салу</b>	қағазға, құмға саусақпен сурет салу
	<b>Мұсіндеу</b>	куыршаққа арналған әшекейлерді мұсіндеу: білезік, жүзік, қол сағаттар
	<b>Жапсыру</b>	Дайын пішіндерді дұрыс орналастыруды үйрету Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Ойыншықтармен үқыпты ойнауға тәрбиелеу.
	<b>Музыка</b>	Музыка жетекшісінің жоспар бойынша

Айы	<b>Ұйымдастыр ылған іс- әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>Сәүір</b>	<b>Дене шынықтыру</b>	Дене шынықтыру нұсқауышының жоспар бойынша
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру
	<b>Көркем әдебиет</b>	халық ауыз әдебиеті шығармашылығына баулу;
	<b>Сенсорика</b>	әртүрлі көлемдегі заттарға (ұлken үй-кішкентай үй, ұлken матрешка - кішентай матрешка, ұлken доп-кішкентай доп және т.б) және оларды сөйлеуде атауға назар аудару біліктерін қалыптастыру.
	<b>Қоршаған ортамен тәнистыру</b>	Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел. Аулаға ұшып келетін құстарды (торгай, көгершін, қарға), үй құстарын(тауық, қаз, үйрек), маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. Өлі табиғат (жылы, сұық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, сұық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су қую, құм тасу, тәгу, жинау, мұсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау.
	<b>Құрастыру</b>	қарапайым пазлдарды жинай алу қабілеттерін қалыптастыру
	<b>Сурет салу</b>	балаларды ересектермен бірге әрекет етуге (ересектердің салған суреттерін толықтыру) қызығушылықтарын тудыру;
	<b>Мұсіндеу</b>	сазбалшықтың кесегін алақан арасына салып илей алу дағдысын қалыптастыру
	<b>Жапсыру</b>	Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру
	<b>Музыка</b>	Музыка жетекшісінің жоспар бойынша

Айы	<b>Ұйымдастырғылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
Мамыр	<b>Дене шынықтыру</b>	Дене шынықтыру нұсқауышының жоспар бойынша
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	кітаптағы суреттерді қарастыру, олардың мазмұны бойынша сұрақ-жоуаптар құрастыру, көлемі бойынша шағын өлеңдер мен тақпақтар жаттауды бекіту. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату
	<b>Көркем әдебиет</b>	Балаларды педагогтің сөзін түсінуге, сөйлегендеге заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің көпше түрін пайдалануға, сөздерді дұрыс айтуды ескере отырып, сөз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) құрауға үйрету.
	<b>Сенсорика</b>	көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыра алады
	<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншіліктаныту және қамқорлық жасау. Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.
	<b>Құрастыру</b>	Құрылым материалдарының (текшелер, кірпіштер) негізгі пішінін ажыратып, құрастыру
	<b>Сурет салу</b>	түрлі-түсті қарындаштармен, фломастердің, гуаштің төрт түсімен сурет салу дағдыларын қалыптастыру
	<b>Мүсіндеу</b>	мүсіндеуге арналған түрлі материалдармен жұмыс жасауға дағдыландыру
	<b>Жапсыру</b>	фланелеграфтың кенебін қолдану арқылы қарапайым композицияларды құрастыруға машықтандыру Қағазға «қошқар мүйіз», «көз» оюларын орналастыруды үйрету.
	<b>Музыка</b>	Музыка жетекшісінің жоспар бойынша